

Мейірбек ОРАЗОВ

(ШЫМКЕНТ)

ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ СИПАТЫ

В статье автор описывает речевое значение знака

Bu makalede, araştırmacı dil elemanlarının damga açısından anlamlarını tespit etmeye çalışmıştır.

Тілді таңба деп анықтау үшін, ең алдымен, таңба дегеніміз не деген сұрауға жауап беру керек. Себебі таңба тілге ғана байланысты қолданылмайды, басқа пәндерге байланысты да қолданылады. Мысалы, информацияда, геометрияда, математикада, физикада т.б. Таңба медицинада көбірек қолданылады. Сонда таңба дегеніміз не? Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде таңба сөзіне екі түрлі анықтама берілген. Таңба заттық 1. Дәк, ең, белгі, мөр. 2. Ауыс, қаяу, шер, кек [1,588]. Әрине, бұл таңба сөзінің күнделікті қолданылатын мағынасы. Оның осы бірінші мағынасы негізге алынып, термин ретінде де қолданылады. Үлкен қазақ энциклопедиясының 10 томында “Таңба – ерекше белгі, мөр” деп анықталса [2], ғылыми сөздіктерінде олар сәл басқалай анықтама берген. Қараңыз, О.С.Ахманованың сөздігінде “Показатель, выразитель данного языкового значения” [6] деп анықталса, тілдік энциклопедиясында “знак языковой материально-идеальное образования (двухсторонняя единица языка), репрезентирующее предмет, свойство, отношение действительности”, – деп анықтайды. Қазақ тілшілері, таңба – әлеуметтік хабардың материалдық көрсеткіші деп анықтама берген.

Таңба жеке пәннің зерттеу нысаны болып саналады. Ол - семиотика. Семиотика көне грек тіліндегі semeion – таңба сөзінен алған. Оны алғаш термин ретінде қолданған америкалық философ Ч.С.Прис. Тіл білімінде таңба терминін жүйелі қолданған, тіл білімінің бір категориясы ретінде мойындаған Фердинанд де Соссюр. Ол “Язык есть система знаков” – [5] деп анықтама да берген. Сонда таңба дегенде нені түсінеміз? Әрине, дүниедегі бір зат бар екінші бір заттың құбылысының таңбасы болады, бірақ кез келген заттар таңба болмайды. Таңба болатын зат, бірінші, адамның сезім мүшелеріне түйсік туғызу керек, екінші, екінші бір заттың орнына қолданылуы, орынбасары болу керек. Мысалы, тәжірибе жасаған адам (физиолог) тәжірибе жасау үшін итті белгілі бір клеткаға қамайды. Итке тамақ беру үшін адам бөлмеге жарық қойып, кіргенде жағатын және жарық жағылғанда итке тамақ беретін болды. Бұл бірнеше рет қайталанатын. Ит жарық жағылған соң, сол ыдысқа барып, тамақ жейтін болар. Демек жарықтың жағылуы, ол ит үшін тамақ берудің бір белгісі болып қалыптасады. Демек итке тамақ беру үшін адам үйге кіргенде, шам жағылады, бұл бірнеше рет қайталанатын. Бұл жерде жарық – таңба, ол – тамақ берудің таңбасы. Екінші бір мысал келтірейік. Мектепте оқушылар сыныпта 45 минут бойынша сабақ оқиды. 45 минуттан соң қоңырау соғылып, оқытушылар үзіліске шығады. Яғни 45 минуттан соң сабақ бітуі керек. Бұл – қағида. Сондықтан қоңырау 35 минуттан соң да

коңырау соғып, сынап көрсеніз, оқытушылар сабак бітті деп үзіліске шығуға әрекет етеді. Демек мектептегі коңырау үшін 45 минут немесе 35 минут өтті дегенді білдірмейді, олар сабак аяқталды дегенді білдіреді. Демек коңырау сабак аяқталды дегеннің орнына қолданылады. Яғни сабактың аяқталуының белгісі коңыраудың соғылуы, 45 минуттың өтуі емес. Мұндай мысалдарды тұрмысымыздан көптеп кездестіруге болады. Үйдің жанынан өтіп бара жатқанда қабырғаның жарылғандығын көруіміз мүмкін. Ол үйдің қалпынан ауытқығанын білдіреді. Адамның дене ыстығының көтерілуі оның денсаулығының нашарлауынан белгі; орманнан түтін көрінуі оның жанғандығын немесе от жағылуынан белгі т.б. Таңбаның көзге көрінетін, басқа сезім мүшелерінің қабылдау белгісін ерте кезден-ақ байқалып, өмірде қажетті жерлерінде адамдар ертеден пайдаланған. Таңба туралы алғашқы пікір стойшылардың еңбегінде бар. Бірақ таңба жеке пәннің объектісі етіп алынуы Ч.Морристің атымен байланысты. Ол 1938 жылы “Основания теории знаков”, деген кітапша жариялады. Ол мұнда таңба мен семиотиканың негізгі белгілерін анықтауға әрекет етті. “Люди – это высшие из живых существ, использующие знаки. Разумеется, не только люди, но и животные реагируют на некоторые вещи, как знаки чего-то другого, но такие знаки не достигают той сложности и совершенства, которые обнаруживаются в человеческой речи, письме, искусстве, контрольных приборах, медицинской диагностике, сигнальных устройствах”, – деп таңбаның өмірде көп қолданылатын көрсеткен [7]. Семиотикалық белгісімен байланысты ғылымды да екіге бөледі. “Понятие знака может оказаться важным для объединения социальных, психологических и гуманитарных наук, когда их органичивают от наук физических и биологических”, – деп жазады [8]. Ч.У.Морристың теориясын ғылыми жағынан анықтауды ары қарай жалғастырып “Знаки и язык и поведение” (1946) және “Значение и обозначение” деген еңбек жариялады. Онда теориясын белгілеген ғалым Ч.Порис те бар деп, сілтеме жасаған.

Таңбаның табиғатын анықтау үшін қазіргі философтар мен логиканы зерттеуші ғалымдар да арасында түрлі көзқарас қалыптасты. Атақты Н.И.Кондаков түрлі ғалымдардың пікірлерін жинақтап келіп “Знак – материальный чувственно-воспринимаемый объект, который символически, условно представляет и отсылает к обозначенному им предмету, явлению, действию или событию, сигнализирует о предмете, явлении, свойстве и т.п., который им обозначается” [9], – деп анықтама береді. Бұл – жалпы таңбаға берілген анықтама. Нақ осындай анықтаманы философтар да берген: “Знак – материальный чувственно-воспринимаемый предмет (явление, событие, действие), выступающий в познании и общении людей в качестве представителей некоторого предмета или предметов” [10]. Демек, біріншіден, таңбаны дүниедегі барлық құбылыстардан табуға болады; екінші, таңба адамға түсінік тудыратын заттар бола алады; үшінші, бір зат екінші заттың орнына, бір түсініктің орнына қолданылады; төртінші, таңба ретінде зат екінші заттың (ұғымның) арасында шартты байланысы болады [11].

Сондықтан таңба мағынасы кең және олардың бірнеше түрлері де болады. Ғылымда таңба терминінің – белгі, таңба-сигналдар, таңба-символдар және тілдік таңба сияқты түрлері бар. Оларды негізі таңба, көмекші таңба деп екіге бөлуге болады. Сондай-ақ кейбіреулер тілдік таңба және тілдік емес таңбалар деп екіге бөледі. Біздіңше осы бөлушілердің пікірін біріктіруге болады. Себебі негізгі және тілдік таңба дегендер бір таңба болып шығады. Сондай-ақ тілдік болмаған таңбаларға графикалық таңбалар, дыбыстық таңбалар, сәуле таңбалар сияқтылар саналып, өткен таңбаларды тілдік емес таңбалар деп атауға болады.

Тілдік таңба мен тілдік болмаған таңбалардың айырмашылығы бар. Тіпті тілдік емес таңбалардың болмаған таңбалардың да іштей бөлініп жатқан топтары да болады. Мысалы, графикалық таңбалар математика, химия, физика сияқты пәндерге қолданылып, түрлі түсінікті жазумен байланысты талқылайды. Мысалы, Σ -математикадағы таңба косынды деген белгі; \neq -тен емес деген таңба т.б. Көшірме, сурет таңбалар графикалық таңбаға жақын, айырмашылығы сурет таңба өзі таңбалайтын затқа ұқсас, көрінісі жақын немесе сурет көшірмесі болады. Мысалы, жолдағы түрлі таңбаларды көрсетуге болады. Жолдағы шанышқы мен пышақтың суреті; кроваттардың суреті т.б. Тарақ пен қайшының суреті бар дөңгелек-шаштараз, етік пен щетка суреті бар дөңгелек етіп жөндейтін ұстахана т.б. білдіреді. Тілдік емес таңбалар көне дәуірден бері қолданылған. Сондықтан олар дамып, тілдік шекпен шекараланбайды. Мысалы, ым, нұсқау арқылы түрлі тілдік мағынаны білдіруге болады. Мылқаулардың тілдері де белгілі принциптер негізінде өмір сүреді. Дүние жүзіндегі мылқаулар тілдері ауытқуы болмаса көп халықтар мылқауша өзара түсініседі.

Тілдік таңба мен тілдік емес таңбалардың да өзара ұқсастығы бар. Оның мынадай негізгі принциптері бар. Олар: 1) екеуі де белгілі бір информацияны хабарлау, білдіру керек; 2) екеуі де адамның сезім мүшелеріне түсінік туғызуы керек; 3) екеуі де өзінің табиғатымен байланысты белгіні білдірмейді, екінші бір нәрсемен байланысып барып мағына білдіреді, хабарлайды. Сондай-ақ олар арасында айырмашылықтар та болды.

Көрейік, тілдік таңба өзі таңбаланған мағынамен тікелей байланысты емес, ал сурет таңба өзі таңбаланған мағынамен сыбайлас мағынасы бар. Символды таңбалар өзі таңбамен арасындағы тікелей байланыс, келісімдермен т.б. өзара байланысса, тілдік таңбада ондай келісім жоқ. Тілдік таңбалардың саны көп, оны арнайы пән – лексикология тексеріп, лажды болса жүйеге түсіріп отырады. Тілдік емес таңбалардың да саны көп болады, бірақ әрқайсысы әртүрлі, жүйесі кедей, мысалы, сурет таңбаның саны мамандық бойынша қолданылады да санауға болады, ал сәуле таңбалар да мамандықпен байланысты қолданылады, бірақ байлық қоры бар болады. Дәлелдеу үшін теңізшілер қолданылған таңбаларды көрсетуге болады. Осы ерекшелігіне байланысты тілдік емес таңбаларды семиотика, тілдік таңбаны тіл білімі зерттейді.

Тіл элементтерін таңба деп белгілеу ХІХ ғасырда басталған. А.А.Потебня “Когда говорим, что А значит или означает Б, например, когда, видя издали дым, заключаем: значит там горит огонь – то мы познаем Б посредством А. А есть знак Б. Б есть означаемое этим знаком, или его значение”, – деп жазған [15]. В.Фон Гумбольд тіл элементтерін көбірек таңба деп атайды, дыбыстық, жазба таңба дейді; ол мағына соның ішкі жағы деп түсінген. “Слово, действительно, есть знак, до той степени до какой оно используется вместо вещи им понятие” [12], – деп таңбаның мағынамен байланысын білдіреді. Ал екінші бір жерінде таңбаның сөзсіз дыбыстық жағы, яғни адамда түйсік туғызатын объективтік материя болатынын көрсеткен. “Следовательно, языковые знаки – это обязательно звуки, и по скрытому чувству аналогии, входящие в число всех человеческих способностей”, в котором создается единство понятия, соответствует единство слова как чувственного знака, и оба единства должны быть в мышлении и посредством речи можно более приближены друг другу” [13].

Тілдің элементтерін таңба деп пән катарына қосып, теориялық негізін жасау ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басының еншісіне тиген. Ең алдымен Фердинанд де Соссюрдың атын атаған дұрыс. Жас грамматистердің білімі тіл біліміне бетбұрыс жасай алмады. Сондықтан тілшілер жана бағыт іздеді; тілдің психологиялық, әлеуметтік негізін зерттей бастады. Осы ізденудің бір жолын таңбадан да іздеді. Таңбалық сипат тіл біліміне жана бағыт беретіндігін В.Фон Гумбольд көрсеткен болатын. Тілдерді өмірдің басқаларымен салыстыра отырып, оның артық жағын көрсеткен. “Из этой сравнительной органичности языка как знака, возникает повод черта языкового характера. Один язык несет в себе большое последствие своего употребления, больше условности, произвола, другой же ближе стоит к природе; это особенно заметно при переносе значения”, – деп тілді таңба танудың көп қырлығымен байланысты дейді [14]. Ф. де Соссюр таңба туралы көп көлемді баяндама жазбаған, қысқа тезисті пікір білдірген. “...Язык, как он нами определен, есть явление по своей природе однородное. Это – система знаков, в которой единственно существенным является, соединение смысла и акустического образа, причем оба эти компонента знаки в равной мере психичны”, – деп мағынасын да, оның дыбысталуын да таңба деп есептейді [15]. Семиотикада таңба екі жақты құбылыс деп, бірақ бір жақты таңба, яғни материалдық жағы ғана таңба, мағынасы таңба құрамына кірмейді деп те есептейді. А.А.Ветров “Вне отношения к значению знака не существует. Но знаком-то является сам предмет, а не предмет плюс его значение” [21], – деп мағынаны таңбаның құрамына енгізбейді. Осыған жақын пікірді Ч.У.Моррис те қолданған: Карл фон Фриш показал, что нашедшая нектар пчела, возвращаясь в улей, совершает танец и таким образом направляет других пчел к источнику пищи. В этом случае танец есть знак, другие пчелы, испытывающие влияние танца-интерпретаторы...”, – деп жазған [16]. Таңбаның екі жақты не бір жақты құбылыс жөніндегі пікір айтқан шешілген деуге болмайды. Қазақ тіл білімінде бұл туралы пікір айтқан тек

Т.Қордабаев. Ол таңбаны екі жақты құбылыс деп санайды. Жалпы семиотикалық ереже бойынша таңба бір жақты, тек материалды ғана болады, мағына таңба құрамына енбейді. Таңбалық қызметтен айрылған күнде де олар бастапқы табиғи калпында қала береді. Бұл қағидаға жеке тұрғанда ешқандай мағына білдіре алмайтын, бір жақты элемент болып есептелінетін фонемалар болмаса, тілдегі басқа тұлғалардың ешқайсысы да сай келмейді, өйткені тілдегі сөз болсын, сөйлем болсын-бәрі де екі жақты тұлғалар, – деп жазған [17]. Таңбаны екі жақты құбылыс деушілердің қатарына Р.А.Бугадов, Л.А.Абрамян, А.С.Мельничук т.б. қосуға болады. Бір жақтылығын қолдаушылар таңба олардың материалдық жағын, дыбыстық жағын ғана таңба деп есептейді. Бұл пікірді қолдаушылардың қатарына В.М.Сонцев, В.З.Панфилов, Л.О.Резников, Г.П.Мельников т.б. қосуға болады. Кей ғалымдар сұрауды сәл басқалау өзгертіп, сөз екі жақты таңба бола алады ма? – деген сұрау қояды. Біздіңше, тіл элементтерінің екі жағы (дыбысталуы және мағынасы) да таңба ма? – деген сұрау дұрыс емес. Мұны екі жағдаймен байланысты түсіндіруге болады. Бірінші, сөздің дыбысталу жағы таңба бола алады, себебі адамзатқа түсінік туғыза алады, материалды дыбыс. Ал сөз мағынасы адамға түсінік туғызбайды, адамның ішкі дүниесінде өмір сүреді де, оның идеалды дүниесі болады. Екінші, сөздің дыбыстығы өзі таңбаланған затқа ұқсамайды, табиғи байланысы жоқ, екінші бір затқа таңбалап соған сілтеме жасайды [18]. Бұл мәселеде А.А.Ветров “Предметное значение есть не обозначаемый знаком предмет, а особенность самого знака. Знак, поскольку он является знаком, отсылает к предмету. И с этой стороны все знаки именно как знаки абсолютно одинаковы” [21], – деп дұрыс көрсеткен. Ал мағына мен өзі объективті дүниемен байланысы бар, соның белгісі бір соның бейнесі. Демек тілдік таңба күрделі құбылыс болғандықтан оны оңай белгілеу мүмкін болмайды. Сөздің (тілдің таңбасы ретінде) екі жақты екендігі, оларды бірін екіншісінен бөліп алуға болмайтындығын ескеру керек. Сондықтан, А.А.Уфимцева “... чтобы обрести статус языковой единицы, т.е. стать языковым, точнее словесным знаком, тот или иной элемент – последовательность звуков или отдельный звук – должен быть говорящим коллективом, или каким-либо его представителем означен, наделен значением, определенной семантической ценностью, проще – содержанием” [19], – деп сөз таңбаның мағынасы болуын шарт деп көрсетеді. А.А.Уфимцева, басқа тілшілер сияқты, тілдік таңбаны бір жақты құбылыс деп есептейді: “Исходя из общей дифференции знака как материального предмета, стоящего вместо другого предмета и явления, обычно делают два неправомерных вывода: 1) языковой знак – односторонняя сущность; 2) языковой знак – должен быть обязательно материален”, – дейді екінші бір еңбегінде [20].

Тіл элементтері – сөздердің екі жақты құбылысы деген де, екеуінің екеуі де таңба болып саналады деген де Фердинанд де Соссюр. Ол сөзді таңба деп есептейді де, оны “понятие” немесе “акустический образ” деп бөледі. Біз оның терминін аудармай (орыс тіліндегі) бергеніміздің себебі

«акустический образ» термині сөздің дыбыстық жағы деп беруге болмайтын сияқты. Дұрысы дыбыстық бейне болып шығады. Оқулықтарымызды Соссюрды сынағанда оны сөздің дыбыстық жағы мен мағынасы (ішкі жағы деп береміз) еркін байланысты деуі, Соссюр сәл баскалау анықтама берген: “Языковой знак связывает не вещь ее название, а понятие и акустический образ”, – деп жазған [22]. Демек, Соссюрдың пікірінше, сөздердің дыбыс жағы да, заттың атауы болатын мағынасы да таңба болмайды. Ол өзінің психологиялық бағытына тартып “... что оба стороны языкового знака психичны и связываются в нашем мозгу ассоциативной связи. Языковой знак есть, таким образом, двухсторонняя сущность”, – деп анық айтқан [5].

Қазіргі тілшілеріміздің көпшілігі тілді таңба деп мойындамайды және таңбаның екі жақты құбылысын да мойындамайды. Бірақ таңбаның бірі (дыбыстық жағы) таңбаның сипаты бар, ал оның екінші жағы – мағынасы, идеалды жағы таңба бола алмайды, бейнелік сипаты бар деп ашық айтпайды. Бәрібір сөздің екі жағы мен екінші жағы өте тығыз байланыста болады, тіпті бірінсіз екіншісі болмайды дегенді ескеру керек. Оны Ф.де Соссюр де білген: Язык можно также сравнить с листом бумаги. Мысль – его лицевая сторона, а звук – обратная; нельзя разрезать лицевую сторону, не разрезав и обратную. Так и в языке нельзя отделить ни мысль от звука, ни звук от мысли; это можно достигнуть лишь путем абстракции[21], – деп мағына мен дыбысталуды таза қағазбен теңестіреді.

Енді тілдік таңбаның екі жақты құбылыс екендігін және оның біреуі таңба, екінші бейнелік сипаты бар деген пікірімізді дәлелдейік. Бұл мағынаның геносиологиялық сипатын туындайды. Егер таңба дегенде адамның түсінік туғызатын материалды заты болса, тілдік таңбаның екінші белгісі нақ өзі болмайды, екінші бір заттың орнына қолданып, екінші бір затқа, құбылысқа сілтеу жасауы керек. Осы талапты дәйекті түрде мойындасак, онда сөздің дыбыстық жағы таңба бола алады. Қай сөзін алып карасак, қол адамның дене мүшесі болған затты осы үш дыбыстық арқылы жасалған дыбыстық бірлікті білдіріп, оның таңбасы ретінде қолданылады. Дыбыстың адамға түйсік туғызатындығы анық, яғни құлақпен естиміз. Осы сөздің екінші жағы – идеалық жағы адамға түсінік туғызбайды, адамның миында, психологиясында өмір сүреді. Ф.де Соссюрдың: “Оба стороны языкового знака психичны и связываются в нашем мозгу ассоциативной связи”, – деуі автордың дыбыстаудың өзі таңба болмайды, оның миындағы бейнесін таңба деп есептеуі – оның философиялық негізіне қайта оралуы. Мағынаны – сөздің идеялық жағы деп анық айтпайды, бірақ дыбыстауды акустикалық бейне деп есептейді. “Мы называем знаком соединение понятия и акустического образа, но в общепринятом употреблении этот термин обычно обозначает только акустический образ, например *arbor* и.т.д”. Осы қағидамен байланысты екінші бір түсінікті шығарады. Ол таңбаның екі жақтылығы таңбаланушы мен таңбалаушы деп түсіндіреді. Яғни, “Мы полагаем понятие и акустический образ соответственно терминами *означаемое* и *означающее*”, – деп жазады. Демек таңбалаушы акустикалық

бейне де, таңбаланушы оның идеялық (мағына) жағы деп түсінеміз. Э.Бенвенист те солай түсінген: “Означающее – это звуковой перевод идеи, означаемое – это мыслительный эквивалент означающего”[23]. Тіл білімінде таңбаланушы түсінігін түсіндіруге дау жоқ, бірақ таңбаланушы мен таңбалаушы арасындағы байланыс туралы пікір дауы бар. “Связь, соединяющая означающее с означаемым, произвольно”, – деген тезисті Соссюр бірнеше рет қайталаған, оны өзінше түсіндірген. Яғни таңба мен таңбаланушылар арасында байланыс жоқ деген түсінік шығады. Оның мәтінінде еркіндік дегенді сәл басқалау түсіндіреді. Еркіндік деген сөзді түсіндіру керек. Айтушы таңбалаушыны еркін таңдап алу мүмкін деп түсінбеу керек (кейін біздің көруімізше, адам тілді пайдаланатын уәжі мүшесі қалыптасқан таңбаны өте нәзік өзгеріс енгізуге құқығы жоқ). Біздің ойлауымызша, таңбалаушы уәжделінбейді (немотивировано), яғни таңбаланушы таңбаланушымен еркін қатынаста болады, – дейді. Э.Бенвенистің 1974 жылы орысша аудармасына түсінік жазған, Ю.С.Степанов таңбалаушы мен таңбаланушы арасындағы байланыс туралы пікір келісім жасай отырып, Соссюрдың “еркін” қатынасында үш түрлі қайшылық бар: 1) уәжділік (немотивированность). 2) шартты (условность), 3) кездейсоқтық (случайность) деп көрстеді[24]. Біздіңше, Соссюр мен Э.Бенвенисттің пікірі өте қарама-қарсы емес, біріншісі екіншісін түсіндіреді, толықтырады.

Семантикада мотивировка деген орыс тілінің терминдерін түсіндіруден байқайық. Оны қазақ тілінде «үәж» сөзімен берген. «Үәж» сөзінің мағынасына зат не құбылыстың атауы болуға негіз болған белгіні айтамыз. Мысалы, пышак сөзін алып көрейік. Пышак сөзінің негізінде пішу (кесу) амал-әрекеті жатыр. Демек, кез келген кесетін нәрсе пышак болу керек. Кей түбір сөздерде үәжді анықтау қиын болады, бірақ болады. Мысалы, үй сөзінің мағынасына негіз болған сана адамзаттың өмір сүретін орнын аламыз. Үйдің бірнеше түрі болуы мүмкін. Мысалы, күрке, шалаш, бастырма, сарай т.б Оның бірінен екіншісі ажыралып тұратын түрлі қасиет бар екендігі, олар сөз мағынасында бейнеленуі заңды. Сондықтан әр сөздің мағынасы өзгеше болатындығы да анық. Ф.де Соссюрдың таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы байланыс еркін дегенін, табиғи байланыс жоқ дегенін осылай, түсіну керек. Біз сөз мағынасы мен оның атауы арасында табиғи байланыс жоқ, бірақ шартты байланысы бар дегенді ұсынамыз. Сөзге анықтама бергенде, «сөз» дегенде дыбыстау мен мағынаның әлеуметтік, тарихи шартты байланысын айтамыз дейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазак тілінің түсіндірме сөздігі. 8-т. 588 бет.
2. Қазак Совет энциклопедиясы. А., 1977. 10т. 548-б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. М., 1990 167-б.
4. Тіл білімі сөздігі. А., 1998. 130-б.
5. Ф.де Соссюр. Труды по языкознанию. М., 1977. 54-б.
6. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М., 1966 158-б.
7. Степанов Ю.С., Булагина Т.В. Коментарий-Семиотика. М., 1983 585-б.
8. Моррис Ч.У. Основания теории знаков. Семиотика. 37-38-б.
9. Кандаков Н.И. Логический словарь-справочник. М., 1975. 182-183-б.
10. Философская энциклопедия, 2-т., М., 1962. 177-б.
11. Философская энциклопедия. 2-т., М., 1962. 148-б.
12. В фон Гумвольд. Лаций и Эллада. Избранные труды по языкознанию. М., 1984. 304-б.
13. В фон Гумвольд. О мышлении и речи. – Избранные.... 302-б.
14. В фон Гумвольд. О сравнительном изучении языков применительно к различным эпохам их развития. Избр., 317-б.
15. Из заметок к русской грамматике.-Звечинцев В.А. История языкознания XIX-XX вв. 1-часть. 1964, 143-б.
16. В фон Гумвольд. Характер языка и характер народа. Язык и философия культуры. М., 1985, 379-б.
17. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. 1993, 121б., А.А.Ветров Семиотика и ее... 45-46б.
18. Оразов М. Қазак тілінің семантикасы., 75-84 б.
19. Уфимцева А.А. Лексическое значение., М., 1986. 17-б.
20. Уфимцева А.А. Понятие языкового знака. Общее языкознание. М., 1970. 111б.
21. А.А.Ветров Семиотика и ее.... 32 б.
22. Ф. де Соссюр., Труды по языкознанию., 99 б., 100-101б., 145 б.
23. Э.Бенвенист., Общая лингвистика., М., 1974. 93-б.
24. Э.Бенвенист., Общая лингвистика., М., 1974. 423-б.